

Тарбағатай ауданының Жетіарал ауылдық округінің Жайылма және Тайбаққан учаскелеріне шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 01 шілдедегі N 275 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 шілдеде N 3012 болып тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 қарашадағы N 397 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 11.11.2013 N 397 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2013 жылғы 23 мамырдағы N 195 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданының Жетіарал ауылдық округінің Жайылма және Тайбаққан учаскелерінде қой мен ешкі малдары арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысына (Б. Қажыкенов), «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Тарбағатай ауданы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына (М. Сүлейменова) тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы
КЕЛІСІЛДІ:

А у д а н ә к і м і н і ң
С. Жақаев

«Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы Министрлігі
ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитеті Тарбағатай аудандық
аумақтық инспекциясы»

мемлекеттік мекемесінің басшысы Б. Қажыкенов

3 шілде 2013 жыл

«Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау Министрлігінің мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан
облысы бойынша департаментінің
Тарбағатай ауданы бойынша басқармасы»

мемлекеттік мекемесінің басшысы М. Сүлейменова

3 шілде 2013 жыл